

№16 КОЛЛЕДЖ МКҚК –НЫҢ ІШКІ ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

Шардара қаласы

10.07.2024ж.

1. Кіріспе

№16 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған исыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия сы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылға 2 ақпандағы №802 жарлығына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» Заңының 16-бабы және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазқстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығын негізге алады.

2. Ішкі талдау жүргілген жұмыс тобының мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Дуйсебаева Гульшат, Шаруашылық меңгерушісі - Рысқұл Ербол, Кәсіподақ ұйымының төрайымы Орынбаева Сауле, Кадр бөлімінің меңгерушісі - Бектурсунова Гулнур, Бас бухгалтер - Мамулина Ольга.

3.Ішкі талдау жүргізу мерзімі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 07.08. 2023 ж.- 28.06.2024ж. аралығы.

№ 16 колледж МКҚК-нің 2024 жылдың сәуірдегі № 35 бұйрығымен жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кестеге сәйкес 2024 жылдың 17 мамыры мен 28 маусым аралығында жүргізілді.

1. Білім беру, оқу бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықты тәуекелдерін жою:

2023-2024 оқу жылының II семестрде колледж студенттері штаттық форматта оқыды. Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілді. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары колледждің индустриальды кеңесінде талқыланып, мақұлданды және колледж директорымен бекітіліп «Талап» КЕАҚ мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларының реестріне енгізілді. Жаңа оқу жылында 425 білім алушы қабылданып, 17 оқу тобы жинақталғанын және оқу үрдісі бір ауысымда жүргізілді.

Сабақтар бір ауысымда өтті. Сабақ кестесі мен қонырау кестелері қаралып колледж директорымен бекітілді. Оқу жұмысының барлық түрлерінің оқу сабақтары үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минуттық академиялық сағат белгіленген. Бір жұптық сабақтың ұзақтығы 2 академиялық сағатты яғни 90 минутты құрайды. Бір жұптық сабақтан кейін 10 минут және білім алушылардың тамақтануы және белсенді демалуы үшін 2 жұп сабақтан кейін ұзақтығы 30 минут үзіліс қарастырылған.

Жұмыс оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сағаттар кестесі, оқытушылардың жылдық жүктемелері 31.08.2023 жылғы педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген)

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын оқу топтарында сағат кестесі бойынша барлығы 49680 сағат, оның ішінде 35244 сағат теориялық оқытуға, 14436 сағат өндірістік оқытуға бөлінген.

Қосымша және факультативтік сабақтар студенттердің сұранысы бойынша айқындалды.

1 курс:

- Абайтану – 30 сағат;
- Валеология – 34 сағат;

№16 КОЛЛЕДЖ МКҚК –НЫҢ ІШКІ ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

Шардара қаласы

10.07.2024ж.

1. Кіріспе

№16 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған исыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия сы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылға 2 ақпандағы №802 жарлығына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» Заңының 16-бабы және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазқстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қантардағы № 1 бұйрығын негізге алады.

2. Ішкі талдау жүргізілген жұмыс тобының мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Дуйсебаева Гульшат, Шаруашылық меңгерушісі - Рысқұл Ербол, Кәсіподақ ұйымының төрайымы Орынбаева Сауле, Кадр бөлімінің меңгерушісі - Бектурсунова Гулнур, Бас бухгалтер - Мамулина Ольга.

3.Ішкі талдау жүргізу мерзімі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 07.08. 2023 ж.- 28.06.2024ж. аралығы.

№ 16 колледж МКҚК-нің 2024 жылдың сәуірдегі № 35 бұйрығымен жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кестеге сәйкес 2024 жылдың 17 мамыры мен 28 маусым аралығында жүргізілді.

1. Білім беру, оқу бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлықты тәуекелдерін жою:

2023-2024 оқу жылының II семестрде колледж студенттері штаттық форматта оқыды. Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілді. Мамандықтар бойынша оқу жоспарлары колледждің индустриальды кеңесінде талқыланып, мақұлданды және колледж директорымен бекітіліп «Талап» КЕАҚ мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларының реестріне енгізілді. Жаңа оқу жылында 425 білім алушы қабылданып, 17 оқу тобы жинақталғанын және оқу үрдісі бір ауысымда жүргізілді.

Сабақтар бір ауысымда өтті. Сабақ кестесі мен қонырау кестелері қаралып колледж директорымен бекітілді. Оқу жұмысының барлық түрлерінің оқу сабақтары үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минуттық академиялық сағат белгіленген. Бір жұптық сабақтың ұзақтығы 2 академиялық сағатты яғни 90 минутты құрайды. Бір жұптық сабақтан кейін 10 минут және білім алушылардың тамақтануы және белсенді демалуы үшін 2 жұп сабақтан кейін ұзақтығы 30 минут үзіліс қарастырылған.

Жұмыс оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сағаттар кестесі, оқытушылардың жылдық жүктемелері 31.08.2023 жылғы педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген.

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген)

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын оқу топтарында сағат кестесі бойынша барлығы 49680 сағат, оның ішінде 35244 сағат теориялық оқытуға, 14436 сағат өндірістік оқытуға бөлінген.

Қосымша және факультативтік сабақтар студенттердің сұранысы бойынша айқындалды.

1 курс:

- Абайтану – 30 сағат;
- Валеология – 34 сағат;

- Абай Пушкин – 22 сағат;
- Графика және жобалау – 34 сағат;

2 курс:

- Қазақстан құқығы – 30 сағат;
- Кәсіби тіл – 30 сағат
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;
- Еңбек заңдылықтарының негіздері – 30 сағат;

3 курс:

- Іскерлік қарым-қатынас этикасы – 32 сағат;
- Өндірістік техника қауіпсіздігі – 32 сағат;
- Техникалық сызу – 32 сағат;

1 жылдық оқу топтары үшін

- Еңбек заңдылықтарының негіздері – 30 сағат;
- ВСК әдеп – 30 сағат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – 30 сағат;
- Іскерлік қарым-қатынас этикасы – 30 сағат

Студенттердің міндетті оқыту сабақтарының апталық жүктемесі 36 сағаттан кем емес. Штаттық кестеге сәйкес инженер – педагог мамандардың саны – 57. Орташа педагогикалық жүктемелері – 871,5 сағат.

Білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жүргізілді. Бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

- оқытушыға оқу жетістіктерінің әр деңгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;

- жаңа шешімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (креативті құзыреттілікті) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;

- оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әсер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Оқыту нәтижелері теориялық білімдерді, практикалық дағдыларды, дербестік пен жауапкершілік дәрежесін сипаттау арқылы, біліктілік деңгейін анықтау бойынша жалпы ұсыныстар ретінде беріледі. Оқу жұмыс бағдарламалар модульдік-кредиттік технологиясы негізінде жасалынған. Бір кредит 24 сағатты құрайды.

Емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:

Кәсіптік модульдің нәтижесі бойынша аралық емтихандар қарастырылған. Қорытынды аттестаттау модульдер бойынша кешенді емтихан және демонстрациялық емтихан түрінде, "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығына 2 қосымша негізінде жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде аралық аттестаттаудың емтихан ведомостары рәсімделген. Сараланған бағамен өткізілетін бақылау жұмыстары, сынақтар, емтихандар тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын пәндер немесе модульдер бойынша жүргізілген.

Аралық және қорытынды емтихан алу түрлері педагогикалық кеңесте бекітілген. Білім алушыларды емтихан нысанына аралық аттестаттаудан өткізу барысында емтихан билеттері, тест тапсырмалары құрастырылып, оқу бөлімімен бекітіледі. Емтихан кезінде білім алушылардың

білімін бағалау дәстүрлі және балдық жүйе бойынша жүзеге асырылып, өтілу барысы оқу бөлімі тарапынан бақыланған.

Колледжде білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылған. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы жұмыс берушілер өкілдерінен 60% -дан кем емес және білім беру ұйымы өкілдерінен 40% -дан артық емес арақатынаста құрылған.

2. Кадрлық қызмет бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

2023 жылдың 07 шілдесінен бастап 2024 жылдың 01 маусым аралығына негізгі қызмет бойынша -108, жеке құрам бойынша -121, іс-сапар бойынша – 48 бұйрық шығарылған.

07 шілдесінен бастап 2024 жылдың 01 маусым аралығында 11 қызметкерлерден ішкі ауыс түйіс бойынша қызметтерін ауыстырған, зейнеткерлік жасқа толған 1 адам.

Жұмысқа - 13 қызметкер қабылданған Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес құқық бұзушылық анықталған жоқ.

16 қызметкер жұмыстан шыққан және құқықбұзушылықтар және сыбайлас жемқорлықтар анықталмады.

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқық бұзушылықтар анықталмады.

2.1 Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:

Колледжде штат саны -. Қазіргі таңда 96 қызметкер қызмет атқарады. Нақты айтқанда 47-ер, 49-әйел адам.

Колледжде 15 әкімшілік және 19 оқытушылар мен 18 өндірістік оқыту шеберлері, 44 техникалық персонал жұмыс жасайды. Әкімшілік және оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің лауазымдық міндеттері бекітілген. Барлық қызметкерлер талапқа сай қызмет атқарады.

Жұмысшы топпен колледж қызметкерлерінің арасында туыстық немесе басқа да қатынастар бойынша ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп бірінші басшымен туыстық қатынасы бар қызметкерлер анықталмады. Нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

Колледжге қызметке жаңадан қабылданған қызметкер ар-намыс кодексі талаптарымен және мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулермен таныстырылады. Шектеулердің сақталуы үнемі бақылауда тұрады.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Колледж қызметінде сыбайлас жемқорлықтың ішкі қауіптерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Қаржы-шаруашылық бөлімдері бойынша сыбайлас тәуекелдерін жою:

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалған.

- 2024 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 261024015 бағдарламасы бойынша 809934,0 мың теңге, бөлінген және жыл есебі бойынша 98,1 % қаржы игерілді.

инвентаризациялық тізімдер бойынша:

-Мекеме ішінде 2023 жылдың 10 қазанда №352 бұйрық негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізіліп, есептен шығарылды.

Жұмыс уақыты парағы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілген.

Студенттерді ыстық тамақпен қаматамасыз ету конкурсы кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының мемлекеттік сатып алуды конкурсының қорытындысы бойынша 2024 жылғы 16 қаңтардағы №1 хаттамасының негізінде тауарларды жеткізу туралы келісім шарт жасалды. 1 адамға шаққандағы тамақтану нормасы күніне

734 теңге 52 тиын құрайды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда практикада жүрген студенттерге тамақтану қаражаты банк картасына төленіп отырады.

Шәкіртақы төлеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

Студенттерге шәкіртақы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысына сәйкес, аралық емтихан сессиясының нәтижелері бойынша "өте жақсы"-44119 теңге, "жақсы" - 39217 теңге төленеді. Жетімдерге-49021 теңге шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы бұйрыққа және сабаққа қатысу табеліне сәйкес, жеке банк картасына ақша аудару жолымен төленеді.

Жетім және оларға теңестірілген студенттерге бөлінетін қаржы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

Колледжде 2023-2024 оқу жылының басында 5 студент жетім анықталды. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына сәйкес, 2024 жылдың ақпан айында киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету үшін әр студент басына -153980 теңгеден қаражат бөлінген және әлеуметтік педагогтың қатысуымен АКТ түзіліп, кеткен қаражаттың есебі нақты көрсетілген.

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарының аясында Мемлекеттік сатып алудың веб –порталы арқылы жүзеге асырылып келеді. Талдау жұмыстарын жүргізу барысында төмендегідей мемлекеттік сатып алу бойынша тәуекел анықталды:

Кәсіпорын ИП «Нұрасыл» басшысы Шашенов Рустем Карибаевичпен 15.03.2024 жылы түзілген №25 келісім –шартта көрсетілген Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау қызметтерді көрсету мерзімінде наурыз айы көрсетілген. Ал тауар 2024 жылдың сәуір айының 5-іне жеткізілген. Келісім шарт сомасы 25900.00 теңге (Жиырма бес мың тоғыз жүз теңге нөл теңге) Аталған келісім шарт «Мемлекеттік сатып алу» ҚР Заңының 8-тарауы 41-бабының 22 – тармағы (Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күн болуға тиіс) сақталмаған.

Ұсыныс: Колледж «Мемлекеттік сатып алу» ҚР Заңының 8-тарауы 41-бабының 22 – тармағы (Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күн болуға тиіс) негізінде жұмыс жасау.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы

2023-2024 оқу жылына Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау»

Құжаттарды қабылдау Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы (2022.28.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) және «№16 колледж» МКҚК Жарғысының негізінде жүзеге асырылады,

№16 колледжіне оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау

-күндізгі оқу нысанына орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің білім берудің бағдарламалары бойынша-2023 жылы 20 маусымнан 25 – тамызға дейін.

Күндізгі бөлімге өтініштер 25 маусым мен 25 тамыз аралығында қабылданды.

Күндізгі бөлімге өтініштер мен құжаттарды қабылдау келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылды:

1. 06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер», 3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы;
2. 07130200 «Электрмен қамтамасыз ету» (салалар бойынша), 3W07130201 Электр монтаждаушы (салалар бойынша);
3. 07150500 «Дәнекерлеу ісі» (түрлері бойынша), 3W07150501 Электр газымен дәнекерлеуші;
4. 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 3W07161303 Автомобиль көлігін жөндеу шебері;
5. 07161600 « Ауыл шаруашылығын механикаландыру», 3W07161603 Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист- машинисі;
6. 07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», 3W07230102 Арнайы тігінші;
7. 07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», 3W07320104 Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері;
8. 07321200 «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану», 3W07321201 Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі;
9. 07221400 Жиһаз өндірісі, 3W07221405 Ағаш және жиһаз өндірісінің шебері
10. 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру», 3W10130302 Аспазшы
11. 07210900 «Балық өндірісі» 3W07210901 Балық және теңіз өнімдерін өңдеуші
12. 08110700 «Балық шаруашылығы» (түрлері бойынша), 3W 08110701 Балық өсіруші (мамандықтардың, біліктіліктердің коды, атауы)

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында талапкерлерді оқуға қабылдау <https://college.smartnation.kz/ru/tko> жүйесімен рәсімделіп автоматтандырылды.

Күндізгі бөлімге барлығы 425 оқушы қабылданды. Оның ішінде ауылдық жерлерден-379 білім алушы; көпбалалы отбасы- 225 талапкер құжаттар тапсырды. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан шағымдар түскен жоқ.

2.2 «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған тұлғаларға академиялық анықтама беру» - талданған кезеңде белгіленген үлгідегі 3- академиялық анықтама берілді. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызмет алушылардан мерзімін бұзу көрсетуден бас тарту шағымдар түскен жоқ.

2.3 Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру. Академиялық демалыс Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2014 жылғы 4-желтоқсандағы №506 бұйрығымен №16 колледждің 8-білім алушымына академиялық демалыс берілді. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан мерзімді бұзушылықтар ұсынудан бас тартулар шағымдар түскен жоқ.

2.4 Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру. Мемлекеттік қызметтің бұл түрі "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы бұйрығымен жүзеге асырылады. 2023-2024 оқу жылында жоғарыда көрсетілген бұйрық негізінде басқа колледжден 7-білім алушы №16 колледжге өз өтініштерімен қабылданған және осы оқу жылы 1-білім алушы басқа оқу орнына өз еркімен ауысқан. Мониторинг кезеңінде №16 колледжде студенттерді аусытру және қалпына келтіру Заң аясында орындалған .

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан мерзімді бұзушылықтар, ұсынудан бастартулар шағымдар түспеген.

2.5 «Азаматтардың жекеленген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтар» (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру» 690 студент бір реттік тегін тамақтанады. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан мерзімді бұзушылықтар ұсынудан бас тартулар, шағымдар түскен жоқ.

2.6 «Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беру ұйымдарында студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету»-120 оқушы қызмет алды. Құжаттар пакетін қабылдаудан және жатақханадан орын бермеуден бас тартқан жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан мерзімді бұзушылықтар, ұсынудан бас тартулар шағымдар түскен жоқ.

2.7 Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру тәртібі "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңына сәйкес берілді

2023 жылғы қаңтар және желтоқсан аралығында -15 (он бес) телнұсқа берілді.

2024 жылдың қаңтар және маусым айларында -7 (жеті) телнұсқа берілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті тарапынан мерзімді бұзушылықтар ұсынудан бас тартулар шағымдар түскен жоқ.

2.8 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беруге растауға аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау.

2023 жылы 22 оқытушы аттестаттаудан өтті. 3-педагог-зерттеуші, 19-педагог-модератор алды.

2024 жылы аттестаттауға 25- қызметкер өтініш берілді. Құжаттар пакетін қабылдаудан бас тарту болған жоқ.

5. Әлеуметтік - тәрбие қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

-Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V заңына сәйкес №16 колледжде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жұмыс жоспары колледж директорымен бекітілді. Колледж фойесінде сенім жәшігі қойылған. Колледж кіре берісінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бойынша департаменті 1424 ССАЛ-орталығының және оқу орнының Сенім телефон номерін, басқа да мобильдік топтардың сенім сымтетіктері көрсетілген.

Студенттердің, оқытушылардың әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері туралы:

- Білім алушылардан «Таза сессия», «Білім алушының көзқарасы», оқытушылар және қызметкерлерден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, ұжымдағы моралдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеу мақсатында жасырын сауалнама жүргізілген. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық дәлелдері мен дәйектері кездеспеді.

Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі:

- Оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі бекітілген, сондай-ақ, кәсіподақ жұмыс жасайды.

Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының ережесі:

- Студенттердің «Жас қанат» өзін-өзі басқару ұйымының жоспары бекітілген, ұйым мүшелері сайланған. Жоспарға сәйкес атқарылған іс -шаралары колледждің әлеуметтік желілеріне жарияланып отырған.

«Саналы ұрпақ» студенттер клубы туралы ереже, жұмыс жоспары, жүргізілген іс-шаралар туралы есептер:

-«Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі өндірістік оқыту шебері А. Егембердиева және 20 білім алушы мүшелері бар, жұмыс жоспары бекітілген.

Жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде орналастырылған.

Мекеме веб-сайтының контенты:

-Әлеуметтік желідегі сілтемелер:

Сайт: www.College16.kz

Фейсбук: <https://www.facebook.com/16kolledjchardara?mibextid=ZbWKwL>

Инстаграмм: <https://instagram.com/shardara.college?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

YouTube: <https://www.youtube.com/@No-dy4xs/featured>

Эл почта: pl-16@mail.ru

Қортытынды:

1. Мұғалімдерге сағат бөлу кезінде белгілі бір алгоритм бекітілмеген. Бұл өз кезегінде, сағат бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.

2. Мекеме бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптары сақталмаған

Жұмыстан шығару кезінде 15.11. 2023 жылғы №131 ж/қ бұйрығы (Асхана жұмысшысы Журинбаева Жанар Дархановна өз өтініші бойынша) және 30.04.2024 жылғы №22 ж/қ бұйрығында (Жүргізуші Тагаев Бақдаулет Артикбаеваич өз келісімімен) ҚР Еңбек кодексі бойынша 50-баппен (еңбек шартын тараптардың келісімі бойынша бұзу тәртібі) қоса 49-баптың (5-тармақшасы яғни жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу негізі бойынша бұзылу) көрсетілмеген.

Ұсыныс: ҚР Еңбек кодексі бойынша 50-баппен (еңбек шартын тараптардың келісімі бойынша бұзу тәртібі) қоса 49-бапты (5-тармақшасы яғни жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу негізі бойынша бұзылу) бұйрықта көрсетіп жазу.

3. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған

Жұмыс тобының төрайымы:

Жұмыс тобының мүшелері:

Қадр бөлімінің меңгерушісі:

Бас бухгалтер:

Кәсіподақ ұйымының төрайымы:

Шаруашылық меңгерушісі:

Г. Дуйсебаева

Г. Бектурсунова

О.Мамулина

С. Орынбаева

Е. Рысқұл

